

Бекітемін

Балабақша меңгерушісі:

Баймолдина К.К.



Вариативтік компонент

«Қызықты математика әлемінде» оқу іс-
әретінің перспективтік жоспары.

«Қарлығаш» тобы 2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Мектеп жасына дейнгі балаларға арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларда балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар сан, пішін туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру балалардың көрнекті – бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады. Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру, ой – өрісін дамыту мақсатында 3-4 жастағы балалармен жұмыстануда 18 сағат вариативтік компонентте «Қызықты математика әлемінде» тақырыбында жұмыстанып келемін. Бұл тақырып арқылы жұмыстануда балалармен «Дәл осындай пішінді тап», «Үйдің есігін жабайық», «Үй құрылысының ретін көрсет», «Жұбын тап», «Әдемі кілемшелер», «Таныс пішіндер доминосы» т.б. ойындар арқылы өткіземін. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптастырамын.

Вариативті компонент бөлімінің перспективалық жоспары 2022-2023 оқу жылы
«Қарлығаш» ересек тобы
«Қызықты математика әлемінде» аптасына 0,5 сағат, барлығы 18 сағат

№	Тақырыбы	Мақсаты
Геометриялық пішінге арналған дидактикалық ойындар		
1	«Дәл осындай пішінді тап»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
2	«Үйдің есігін жабайық»	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан, жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
3	«Үй құрылысының ретін кәрсет»	Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Балалардың сәйлеу және талдау қабілетін дамыту. Балаларды сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу
4	«Жұбын тап»	Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.
5	«Әдемі кілемшелер»	Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
6	«Таныс пішіндер доминосы»	Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.
Кеңістіктер туралы дидактикалық ойындар		
7	«Ойыншықты тап»	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Пішіндердің жоғары-төмен, ортасында орналасуын анықтау. Топпен жұмыс жасауға үйрету. Бағыт-бағдар жасауға үйрету.
8	«Кеңістік»	Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.
9	«Кеңістікті және уақытты бағдарлау»	Балаларды кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету
10	Жоғары- төмен, биікаласа.	Айналадағы заттардың орналасуын жоғары, төмен түсіндіру. Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, кеңістікті қабылдауын дамыту, сөздік қорын дамыту.
11	«Оң жақ және сол жақ»	Оң және сол жақты, үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.
12	«Тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн»	Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.
13	Пирамида	Бөліктерден кішісінен үлкеніне қарай ретімен пирамида құрастыруға үйрету.
14	Заттарды салыстыру. Жуан. Жіңішке. Кең. Тар. Енді. Енсіз. Биіктіктері бірдей	Заттарды ені бойынша салыстыруды үйрету. «Жуан, жіңішке, енді, енсіз, кең, тар» терминдерін қолдануды үйрету. «Биік, аласа», «биіктіктері бірдей» түсініктерін бекіту.

15	«Тез ойла»	Заттарды салыстыру, оң жақ, <u>сол</u> жақ сияқты түсініктерін дамыту. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету, шапшандыққа, тез ойлауға баулу.
16	«Заттарды салыстыру. Үлкен. Кішкентай».	Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту
17	«Заттарды түсі, пішіні және өлшемі бойынша салыстыру».	Балаларды заттардың пішіні мен өлшемін, санын ажырата білуге үйрету.
18	«Заттардың ортақ белгілері»	Заттар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық туралы түсініктерін қалыптастыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №1

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Дәл осындай пішінді тап»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Мұқияттылыққа тәрбиелеу

Әдіс тәсілі: көрсету, түсіндіру, үйрету, ойын, сұрақ жауап.

Көрнекіліктер: суреттер Мотивация:

Шаттық шеңбер

Тәрбиеші: Кәне, балалар, шаттық шеңберге тұрамыз Армысың,
алтын күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, жер ана!

Армысың, жан досым!

(Балалар шеңберге тұрып, әлең сөздерін қайталайды)

- Балалар, бір бірімізге «сәлем» дейміз(балалар бір бірімен амандасады)

Ғажайып сәт:

Қонаққа Қонжық келеді.

Буратино:- Сәлем, балалар, қалдарын қалай?

Тәрбиеші:- Сәлеметсің бе, Қонжық. Бізде бәрі жақсы. Өзін қалайсың?

Қонжық:- Менде бәрі жақсы. Міне осы сендерге қонаққа келдім. Бірақ бос қол келген жоқпын. Әкем менен сендерге сәлемдеме беріп жіберді.

Тәрбиеші:- Кәне көрейік, ол қандай сәлемдеме болды екен. Балалар, бұл хат екен, ол хатта не жазылып тұр екен оқиық.

«Сәлеметсіңдер ме, балалар. Қалдарын қалай? Мен сендерге бір неше тапсырмаларды жібердім. Өзім сол тапсырмаларды шеше алмай қойдым. Маған көмектесіңдерші. Аю.»

Тәрбиеші:- Балалар, Аюға көмектесеміз бе? (Иә)

Балалар, міне дөңгелек. Ол неге ұқсайды? (Допқа)

Дұрыс, допқа ұқсайды және кәліктің доңғалағына. Қарандаршы: дөңгелек домалайды.

- Ал мынау ұшбұрыш. Ұшбұрыш неге ұқсайды? (Пирамидаға, үйдің шатырына). Балалар, сендер білесіңдер ме, Ұшбұрышты неге ұшбұрыш деп атаған? Ұшбұрыштың үш бұрышы бар. Кәне санаймыз: бір, екі, үш. Ұшбұрыш домалай алмайды, әйткені бұрыштар бәгет жасайды.

- Ал мынау пішін: шаршы. Терезеге немесе үйге ұқсайды. Шаршының төрт бұрышы бар. Олда домалай алмайды, әйткені шаршының да бұрыштары бәгет жасайды.

- Жақсы, балалар, ал енді екінші тапсырма.

- Балалар, менде бірнеше суреттер бар. Олар қандай пішіндерге ұқсайтының табу керек. Тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді. Балалар бір суреттен алып пішіндердің астына жабыстырады.

Мысалы: алма - дөңгелектің астына, ал пирамиданы - ұшбұрыштың астына.

- Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар шаршаған шығарсыңдар, ендеше бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәт:

Күн ашылды,

Бұлт төнеді,
Найзағай тарсылдады,
Жел соқты,
Жаңбыр жауды,
Жел басылды, Күн
ашылды.

- Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Бізде тағы бір тапсырма бар. Біз қазір ойын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын: «Орамалды жамау»

Тақтаға екі орамал (көк және қызыл түсті картон). Балалар қажет жамауды алып орамалдарды жамайды.

- Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар. Қонжық: - Балалар, қандай кереметсіңдер. Көп рахмет! Әкеме көп көмектерің тиді. Ал ендеше мен кетейін. Сау болыңдар!

- Сау бол, Буратино! **Рефлексия:**

- Балалар, бізге бүгін кім келді? (Қонжық)

- Тапсырмаларды кім беріп жіберді? (Әкесі Аю)

- Дөңгелекке не ұқсайды? (алма, доп)

- Ұшбұрышқа ше? (пирамида)

- Шаршыға ше? (Терезе)

- Бұл барлығы геометриялық пішіндер. Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Ал енді айтыңдаршы, сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма? (Иә)

- Ал енді менде сендерге кішкене ғана сыйлығым бар – Бұл геометриялық пішіндер. Оларға қарап сендер пішіндерді ұмытпағайсыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Білу: геометриялық пішіндер жайлы біледі,

Меңгеру: пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруды.

Дағдылану: Мұқияттылыққа дағдыланады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №2

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: Заттарды әлшемі бойынша салыстыруға, жуан, жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Есте сақтау қабілетін арттыру.

Қолданылатын материалдар: Сиқырлы қалта, геометриялық пішіндерге ұқсас заттар, тапсырма орындау үшін қағаз, қарындаш, геометриялық пішіндер әр балаға, үлгілер. Кел санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы Балаң үйрек жалғасы.

Ортан терек - кезекші,

Шылдыр шүмек - көмекші.

Шынашағым – балапан Бәріне

ортақ алақан.

Бір дыбыс естіледі.

Тәрбиеші балалардың назарын үстел үстіндегі сиқырлы қалтаға аударып:

«Балалар дыбыс осы қалтадан шығып жатқан сияқты, сиқырлы қалтада не бар екенін білгілерің келе ме?» - деп сұрайды.

Ендеше қазір біз сиқырлы қалтаны ашып көреміз.

Балалар біз геометриялық пішіндерді қалай санадық?

Енді қалай санауға болады?

1 - ден 4 - ке дейін тура және кері санау.

Д/ойын: Шеңберге ұқсас заттарды білесіңдер ме?

Біздің тобымыздың ішінде шеңберге ұқсас заттарды атандар.

Шеңбердің бұрышы барма?

Ендеше балалар орнымызға отырып, достарымызға шеңберді қалай сызу керектігін көрсетейік.

Ал енді балалар орнымыздан тұрып, шеңбер құрайық:

Айтыңдаршы үшбұрышқа ұқсас заттарды білесіңдер ме?

Неге оны үшбұрыш деп атаймыз?

Ойын: «Менің үйім»

Қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің әлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. - Жаңбыр жауды деген кезде не істейсіңдер?

- Жарайсыңдар

- Үйдің шатыры неге ұқсайды екен?

Көк аспанға қараймын(қолды көлегейлеп аспанға қарау)

Кеткен құсты санаймын (саусақпен санау)

Үшбұрыш боп тырналар(үшбұрыш етіп тәбесіне қолын ұстау)

Жылы жаққа оралар! (қанаттарын қағып, айналып ұшу)

Д/ойын: «Жоғары, төмен»

Ал, балалар орнымызға отырайық! Алдымыздағы қағаздағы сызыққа мән берейік, қағаздың ортасынан бөлінген

Сондықтан қағаз екі бөлімнен тұрады.

Қане кім, осы бөліктерді атайды?

Балалардың жұмысы. Жеке көмек.

Д/ойын: «Есте сақтау қабілетіне арналған» Үлгіге қарап геометриялық пішіндердің орналасуын мұқият көріп алып, есінде сақтағанын қағаз бетіне қойып шығу. Үлгіге қарап өз жұмыстарын тексеру. Геометриялық пішіндерді қай жерге орналастырғанын өз бетінше айта білуге ынталандыру.

Сиқырлы қалтаны көріп, ішінде не бар екенін білуге қызығушылықпен келісті. -

Біз пішіндерді тура санадық.

- Кері санауға болады.

Алма, доп, апельсин, мандарин, Бағдаршамның көздері, Шәйнектің қақпағы, Машинаның доңғалағы, Шкафтың тұтқасы, шарлар,

Шеңбердің бұрышы жоқ, ол дөңгелек, домалап та кетеді.

Ойын кезінде балалар өздерін еркін сезінді. Тапсырманы орындағанда бір - біріне көмектесті.

Жоғарғы, төменгі бөліктер

Сабақта не үйренгенін өз бетінше айту. Ерекше көзге түскен балаларды марапаттау.

Күтілетін нәтиже:

Білді: Геометриялық пішіндерді дұрыс атауды

Игерді: Геометриялық пішіндердің орналасуын өз бетінше ажыратуды

Меңгерді: Геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды дұрыс атауды

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №3

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Үй құрылысының ретін көрсет»

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Балалардың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту. Балаларды сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: түсіндіру, үйрету, көрсету, сұрақ – жауап, сергіту сәті қорытындылау.

Көрнекілік – құрал: пішіндер туралы видео, сурет, сандар, үлестірмелі пішіндер

Жаңа сөз: Дымбілмес, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, шаршы.

Тәрбиешінің іс – әрекеті Барысы:

Шаттық шеңбер:

Білер қазақ баласы,

Сәлем сөздің анасы,

Кәп танысты көреміз,

Бәріне де ізетпен Біздер

сәлем береміз.

Тәрбиеші:

– Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілі неше айдан тұрады?

– Қане, күз мезгілінің ай аттары қалай аталады?

– Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

– Өте жақсы.

– Балалар бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті.

Дымбілмес «Математика патшайымынын» тапсырмасын, жасырған жұмбақтарын таба алмай сендерге келіпті. Көмектесеміз бе? 1 – тапсырма.

Пішіндер туралы жұмбақтар.

Атына сай балалар, Үш

бұрыш, үш жағы бар.

Ол пішінді кім табар?

– Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл үшбұрыш. Алдарындағы пішіндердің ішінде үшбұрышты көрсетіңдерші және түсін айтамыз. (Балалар көрсетеді түсін айтады) – Үшбұрыш неге ұқсайды екен?

– Дұрыс айтасыңдар, балалар келесі жұмбақты жасырайын.

– Төрт бұрышы бар, төрт қабырғасы бар.

Бұл қай пішін?

– Ия, дұрыс. Төрт бұрыш неге ұқсайды екен?

– Алдарындағы пішіндерден төртбұрышты көрсетіңдерші, түстерін айтыңдар.

– Тағы бір жұмбақты жасырайын Допқа әзі ұқсайтын,

Ерекше бір пішін бар.

Атын оның атаңдар?

– Дөңгелек неге ұқсайды?

– Өте жақсы балалар.

Ал, енді алдарындағы пішіндердің, ішінен дөңгелекті көрсетіңдерші, түстерін айтамыз.

2– тапсырма: Қай пішінге не барады? Көрсет.

3 – тапсырма: Суреттер қандай пішіндерге ұқсайды?

(Алма мен уйдің суреті.

Сергіту сәті:

Ал, балалар тұрайық Қолдан

шеңбер құрайық.

Түзу болып тұрайық

Бір – біріне қосқанда

Үшбұрышты құрайық.

«Ойлан тап» дидактикалық ойын.

Мақсаты: Өртүрлі пішіндерден заттар құрастыру. Қандай пішіндерден жасағанын және түстерін ажыратуға үйрету.

4- тапсырма: Адасқан фигураларды тап? Жоқ пішіндерді қою, атын атау, түстерін ажырату.

«Үй құрылысының ретін кәрсет»

5 – тапсырма: Геометриялық пішіндерді үлкен үйдің терезелеріне қатар бойынша орналастыр.

Енді Дымбілместі үйіне немен жеткізсек болады. Ендеше балалар Дымбілместі пойызбен жеткізейік. Қанекей ендеше геометриялық фигуралардан пойыз жасап шығарып салайық.

Қимылды ойын:

«Поезд»

Пыш – пыш, пыш – пыш біз кеттік, Жүрісті
үдеттік.

Гу – гу, гу – гу гуілде,

Қалып қойма Дымбілмес сен енді. Қанекей Дымбілмеспен қоштасайық.

Балалармен сұрақ – жауап:

Балалар бүгін сабаққа кім келді? Дымбілмес

Дымбілмес қандай патшалықтың тапсырмасын орындай алмай, бізден көмек сұрады?

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Геометриялық пішіндерді біледі.

Нені игерді: Геометриялық пішіндерден заттарды жасап құрауды.

Нені біледі: Жұмбақтардың шешуін, тапсырманы орындауды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №4

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Жұбын тап»

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: квадрат шеңбер, үшбұрыш, жіңішке, жуан, аз, көп

Билингвизм : квадрат – шаршы, жуан – широкий, жіңішке – узкий

Қажетті құралдар: шаршылар, пойыз дыбысы **Қуаныш шеңбері:**

«Сәлеметсіңдер ме ,достарым!» балалар сендер ертемен балабақшаға келгенде бірбіріңмен амандастыңдар ал қазірбіз сөзбен емес мұрнымызбен, құлағымызбен амандасамыз.Кане бір-біріміздің қолымыздан ұстап шеңберге тұрамыз.Қолымызды жоғары көтеріп күнмен амандасамыз (жоғарыда күн бейнесі)ал енді осы жылулықты бірбірімізге сыйлайық.алақанды жайып бір-бірімізге сол жылулықты таратайық.

Жылаған дыбыс естіледі.

Тәрбиеші:Балалар сендер естимісіңдер біреудің жылаған дауысы естіледі ме?

Экранда жылап тұрған шаршы бейнесі көрінеді.

Бұл не? Шаршы неге жылап тұр әзінен сұрайықшы. Шаршы сен неге жылап тұрсың?

Шаршы: Қатігез айдаһар геометриялық пішіндер еліне қатты дауыл тұрғызып оның кішкентай тұрғындарын алып кетті. Ал мен болсам геометриялық достарыма қалай жетуді білмей тұрмын.

Тәрбиеші.Сен жылама шаршы Біз саған көмектесеміз.Кане,өзің кел.Тыныштал. сиқырлы геометриялық пішіндер еліне бару үшін бізге тез жүретін көлік керек.

Ол үшін тез жүретін сиқырлы паровоздары бар пойызға отырайық. Ол неге келмей жатыр?

Сұрақтар жазылған хат.

Ой мынаны қараңдар мында хат жатыр.Паровоз бізді апаруы үшін мына бір сұрақтарға жауап беруіміз керек екен. Зейін қойып тыңдаңдар.

-Үкінің неше көзі бар?

-Жеңіл кәліктің неше көзі бар?

-Аспанда неше күн бар?

Пойыз тоқтайды.балалар алдымызда әзен ал, жол әзеннен ары.Бізге әзеннен өту керек.

-Қай көпірден өтеміз?

Мынау қандай көпір?

-Ал мынау жалпақ көпір

Сендер әлі кішкентайсыңдар геометриялық пішіндерді білмейсіңдер.

-Көзіммен көрмейінше сенбеймін. Еншеше мына зат арасынан геометриялық пішіндерді тауып көріңдер.

Шашылып жатқан таяқшалар.

Ал мына таяқшалардан шаршы,үшбұрыш құрай аласыңдар ма?

Ойын- «Төртінші артық»

Үш зат бірдей (шеңбер) пішінді, төртіншісі басқа. Шаршы, үшбұрыш. Артық зат қозғаушы көмегімен алынып тасталады. Байқаймын геометриялық пішіндерді жақсы білетін сияқтысыңдар. Ал мына тапсырманы орындай алмайсыңдар

Жалмауыз кемпір: Бұл тапсырманы да орындап қойдыңдар. Ал сендер санау білесіңдер ме?

Слайд. Қоян мн ақ тиін доппен ойнап жүреді.

Қоянның неше добы бар? сонша үшбұрышты бірінші сөреге қойыңдар. Ақ тиінде қанша доп болса сонша дөңгелекті екінші сөреге қойыңдар.

-Қайсысы көп үшбұрыш па, дөңгелек пе?

-Қайдан білдіңдер?

-Олар тең болу үшін не істеу керек?

Санауды да біледі екенсіңдер. Енді соңғы тапсырмам бар дұрыс тапсаңдар геометриялық пішіндер еліне барасыңдар. (Балалар жұп болып жұмыс жасайды)

Мына геометриялық пішіндерді кәлеміне қарай кішкенесінен бастап сол жақтан оңға қарай ретімен қойыңдар.

Шаршы: Рахмет! Сендер мені геометриялық пішіндер еліне жетуге көмектестіңдер.

Бізге енді қайту керек міне біздің де сиқырлы паравозигіміз де дайын тұр. Мен сендерге «Сиқырлы пішіндер» ойынын ойнауға шақырамын. Келіңдер қиялдап көрейік қандай ағаштар, құстар, аңдар геометриялық пішіндерден тұрады.

- Біз бүгін қайда бардық?

-Сендерге не ұнады?

-Қандай істі ең жақсы атқардыңдар

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Геометриялық пішіндер атауларын біледі.

Жасайды: Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелерді жасайды. Меңгереді:

Логикалық ойындарды меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №5

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу, қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру, сұрақ жауап, әңгімелеу, дамытушы ойындар.

Қолданылатын кәрнекі құралдар: геометриялық пішіндер, түрлі - түсті шарлар, тиісті суреттер.

Мотивациялық қозғаушы

- Балалар, бүгінгі біздің іс - әрекетіміз ерекше, әйткені бізге қонақтар келіп отыр, барлығымыз бұрылып амандасып шығайық.

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Кәне барлығымыз бірге амандасайық. Шаттық шеңбері:

Күндей жадырап,

Жұлдыздай жарқырап. Судай

мәлдір таза кәңілмен, Бүгінгі

күнімізді бастайық.

- Бүгін бізге сиқырлы хат келіпті, сол хаттың ішін - де сендерге арналған тапсырмалар бар екен, балалар тапсырмаларды орындайсыңдар ма, дайынсыңдар ма? Ұйымдастырушы – ізденіс 1- тапсырма.

- Балалар білетін геометриялық пішіндерді естерімізге түсірейік. Қандай пішіндерді білесіңдер?

- Пішіндерді кезек - кезек тақтаға іліп, оларды дұрыс атау:

- Бұл геометриялық пішін қалай аталады? (дөңгелекті көрсетіп).

- Дөңгелекке доп, тәрелке ұқсайды ма? (суреттерін іліп көрсету, түсіндіру)

- Бұл геометриялық пішін қалай аталады? (үшбұрышты көрсетіп)

- Үшбұрышқа не ұқсайды? (таудың, қайықтың желкені, үйдің шатырының суреттерін іліп), олар үшбұрышқа ұқсайды ма?

- Бұл геометриялық пішін қалай аталады? (сопақшаны көрсетіп)

- Сопақшаға не ұқсайды? (қауынның, жұмыртқаның суреттерін іліп), олар сопақшаға ұқсайды ма?

- Бұл геометриялық пішін қалай аталады? (төртбұрышты көрсетіп)

- Төртбұрышқа не ұқсайды? (теледидардың, кәп - қабатты үйдің, терезенің суреттерін іліп) олар төртбұрышқа ұқсайды ма?

Дидактикалық ойын «Әдемі кілемше».

«Кілемшенің» тесіктерін керекті геометриялық пішіндермен толтыр, яғни әшекейле (геометрия - лық пішіндердің тиістісін үшбұрыш, дөңгелек, сопақша мен төртбұрышты).

2 - тапсырма.

Түрлі - түсті дөңгелек шарларды түстері бойынша тиісті ыдыстарға сал (қызыл түсті шарды - қызыл ыдысқа, сары түсті шарды - сары ыдысқа, т. с. с.) - Әрбір түсті шарлардың түстерін сұрап отыру.

- Балалар мына шардың түсі қандай? Оны қандай түсті ыдысқа саламыз?

- Бәрекелді, жақсы балалар, тапсырманы өте жақсы орындадыңдар. Келесі тапсырма.

Сергіту сәті:

Еңкей тәмен тізеден
Бостау ұстап белінді,
Серпіл қайта үзе дем, Көтер
қолды сенімді.

3 - тапсырма.

Әтешке қарап ән салып,
Әнші болған балапан. Әтеш
болып шақырып, Соқшы
кәне алақан.

- Үшінші тапсырмамыз - мына жердегі түсті әтеш - терді кәріп отырсыңдар және түсті қысқыштар бар, ал әтештерге қарасандар оларда не жоқ, не жетіспейді?

- Иә, дұрыс балалар олардың әдемі құйрықтары жоқ, ал сендер түсті қысқыштарды пайдалана отырып қызыл түсті әтешке қызыл түсті қысқыш - пен, сары түсті әтешке сары түсті қысқышпен әдемі құйрықтар жасайсыңдар.

Балалар тапсырманы орындауға кіріседі.

4 - тапсырма - жеке жұмыс.

Алдынан ала тақтаға көрсетіп түсіндіргеннен кейін балалар әздері орындайды, алдынан ала үшбұрыштарға балалардың назарларын аудару, фигураны атау.

Тақтаға үш түрлі жасыл түсті үшбұрыш (біреуі - ең үлкен, біреуі - кішірек, ал біреуі - ең кішкентай) қойып олардан шыршаны жинастыруға ұсыныс беру. Алдымен ең астына - ең үлкен үшбұрышты қою керек, келесі - кішірек үшбұрышты кейін - ең кішкентай үшбұрышты қойып шыршаны жасау, кейін балалар әздері үстелдің үстінде шыршаны үшбұрыштардан жинастырады.

Қорытынды жасау.

- Пішіндер мен түстерді көрсетіп сұрау.

Күтілетін нәтижелер:

Білу:Геометриялық пішіндер атауларын біледі.

Меңгеру:Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелерді жасайды.

Дағдылану :Логикалық ойындарды меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №6

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Таныс пішіндер доминосы»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру, сұрақ жауап, әңгімелеу, дамытушы ойындар.

Қолданылатын көрнекі құралдар: геометриялық пішіндер, түрлі - түсті шарлар, тиісті суреттер.

Топқа Сайқымазақ келеді . Көптеген ойындар алып келеді. Балаларды ойынға шақырады.

Дидактикалық ойын: «Домино»

Шарты: балалардың алдына қажетті заттар: 20-дан көп карточкалар таратылады. Әр карточка екіге бөлінген екі жағында түрлі мөлшерде бір геометриялық пішіннен бірнеше пішін салынған.(дөңгелек, шаршы, сопақша, үшбұрыш -1-ден 5-ке дейін). Бірінші бастап карточкасын атап қойған балаға келесі дәл сондай суреті бар бала карточкасын сәйкестендіріп тізбекті жалғастырып отырады.

Дидактикалық ойын: «Қақпа құрлысына көмектес»

Мақсаты: шар, куб және цилиндр туралы білімдерін бекіту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінді дамыту.

Шарты: Суретте жетпей тұрған бөлшектерді тауып атау, қажетті геометриялық денелермен толықтыру. «Геометриялық домино»

Ойын шарты: Геометриялық пішіндер әр түрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әр түрлі болады (қызыл, көк, жасыл, сары). Тапсырма: — 2 қызыл шеңберді тап! -Бірдей түсті барлық пішіндерді жина! (сары, жасыл, т.б.) -Әлшемі бойынша бірдей үшбұрыштарды тап! -Үлкен пішіндердің бәрін тап! -Барлық көк түсті кішкентай пішіндерді тап!

Сергіту сәті:

Бір, екі – еңкей,

Бүгілмесін тізең.

Үш - төрт шалқай

Иілмесін тізең.

Қолды көтер аспанға Саусақты

сөз, жасқанба. «Ретімен

орналастыр!»

Мақсаты: сандарды ажыратып біледі және санап үйренеді. Ойыншықтардың санына қарай цифрларды байланыстырып үйренеді. Заттарды санайды, жұптық және топтық заттарды салыстырады. Реттік санауды меңгереді, геометриялық пішіндерді ажыратады және уақытты бағдарлайды (ертең, бүгін, кеше). Ойын шарты: Үстелде ойыншықтар: піл, үйрек, әрмекші, қанқыз, жылан. Ретімен орналастыр: 1-ші аяқтарының саны азынан, соңына — қайсысының аяқтарының саны көп соны қою керек. Не үшін бұлай орналастырғанын балалардан сұрайды.

«Жасырылған ойыншықты тап!» Ойынның жүрісі: 1. Тәрбиеші есікті ашып шығып кетеді. Балалар ойыншықты жасырады. Оны табу үшін бағытын айтып отырады. Үстелден кілемге дейін жүр, кілемнен (палас) оңға бұрыл, 3 қадам бас және жерден ізде. 2.Тәрбиеші еденге бағдарды әр түрлі түсте бірнешеуін дайындап қояды. Бір бала айтады: алдымен,

қызыл түсті бағдар қайда бағытталса, сонда жүр. Сосын көк түсті бағдар бағыты бойынша бұрыл, одан кейін 3 қадам бас, енді іздей бер.

Дидактикалық ойын: «Ұқсастықты тап»

Мақсаты: Геометриялық денелерді өзге заттармен салыстыру, ұқсас затпен байланыстыру.

Шарты: суретте берілген заттардың арасынан белгілі бір геометриялық денеге ұқсас заттарды атап көрсету. Қай денеге ұқсайтынын айту, ортақ ұқсастықтарын сәйкестендіру.

Күтілетін нәтижелер:

Білу: Геометриялық пішіндер атауларын біледі.

Меңгеру: Геометриялық пішіндерден түрлі бейнелерді жасайды.

Дағдылану : Логикалық ойындарды меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі №7

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Ойыншықты тап»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Берілген математикалық тапсырмаларды түрлендіру арқылы балалардың алған білімдерін кеңейту. Логикалық ойлау қабілетін дамытумен қатар өз дербестігін көрсете білуге үйрету, түрлі тапсырмаларды ойлап, жауап беруге дағдыландыру.

Өтілу әдісі: түсіндермелі-иллюстративтік, ізденіс, көрнекілік.

Оқыту құралдары: Ой қозғау, логикалық ойындар, рефлексия.

Жылулық шеңбері: Күлім

қағып қолымды 1,2,3 деп
соғайын.

Қарап тұрған көршіме,
Қолымды мен бұлғайын.
Жылы-жылы жүзбенен
Мандайыңнан сипайын.
Жылы-жылы жүзбенен,
Жүрегімді сыйлайын. Ыстық
алақаныммен,
Қолыңды бер қысайын.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар, қандай ертегі білесіңдер?

Балалар: «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі», «Қасқыр мен қоян»

Тәрбиеші: Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымын тамашалаймыз! Балалар, бүгін біз ертегілер еліндегі ғажайып пішіндермен таныспақпыз. Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз әмір сүріпті, оның әдемі сарайы болыпты.

Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан Маша былай деп армандайды:

Маша: О, шіркін? Менің мынадай сарайымда кәп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап кәңіл кәтерер едім.

Осы кезде біреу есік қағады.

Аю: Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін.

Маша: Мен Машамын. Сен кімсің?

Аю: Мен Аюмын. Мен үшбұрыш ала келдім, сені таныстырайын, оның үш бұрышы, үш қабырғасы, үш тәбесі бар. Ол тура сенің үйіңнің тәбесіне ұқсайды.

Маша: А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

1- тапсырма.

1 – ден 5 – ке дейін тура және кері санау Екі
тілде санау.

Маша: Кіре ғой сарайға.

Бір кезде Қасқыр келеді.

Қасқыр: Бұл сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Қасқыр: Мен қасқырмын. Менің қолымдағы төртбұрыш, оның
төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Ол теледидарға ұқсайды.

Маша: А солай ма, мен білмеймін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында. Кіре ғой сарайға.

2- тапсырма.

«Кім ойлампаз».

Мақсаты: “Баланың логикалық ойлауын арттыру” Кемпірқосақта неше түс бар?

Бағдаршамда неше көз бар?

5 саусақты қолғапта неше саусақ бар?

Адамның неше көзі бар?

Аспанда неше ай бар?

Бір жылда неше мезгіл бар?

Бір жылда неше ай бар?

Бір аптада неше күн бар?

Адамда неше саусақ бар?

Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?

Осы кезде қоян кіріп келеді.

Қоян: Мына әсем сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Қоян. Мен қоянмын. Менің қолымдағы дөңгелек пішіні.

Оның бұрыштары жоқ. Ол допқа, айға ұқсайды.

Маша: Солай екен. Онда сен менің тапсырмамды орында. 3-тапсырма.

Пішіндерден үй құрастыру.Сергіту сәті Осы кезде түлкі кіріп келеді.

Түлкі: Мына әсем сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Түлкі: Мен түлкімін. Менің қолымдағы шаршы пішіні.

Оның төрт бұрышы төрт қабырғасы тең.

Маша: Солай екен. Онда сен менің тапсырмамды орында.

Маша: Солай екен ғой, үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

4-тапсырма.Дидақтакалық ойын:

—Ойыншықтар қандай пішіндерден құралған?

Осымен ертегіміз аяқталды. Балалар ертегілер әлемінен келген аңдарымызды шығарып салайық. Сіздерге пішіндер туралы көп мағлұмат берді. Оларға рахметімізді айтып шығарып салайық. **Қорытынды:**—Математика әлемінде берілген тапсырмалары мен ойындары ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: геометриялық пішіндер жайлы біледі,

Меңгеру: пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруды үйренеді.

Дағдылану: Мұқияттылыққа дағдыланады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №8

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Кеңістік»

Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.

Қажетті құралдар: үлестірмелі заттар(Геометриялық пішіндер)

Әдіс тәсілі: Түсіндіру, кәрсету, сұрақ-жауап, ойын

Сәздік жұмыс: Бес саусақ

Ұйымдастыру: Топпен

Балалар сабақты тақпақпен бастайық:

Кел балалар санайық, Есепсіз

ешбір жұмыс жоқ. Айналаға

қарайық,

Зымыран ұшпас аспанға

Санмен бұйрық бермесек

Жасырынбақ ойынын Ойнай

алмас есепсіз. Ендеше, оқып

үйренейік, Қатар, қатар

санауды.

-Біз математика әлеміне саяхат жасаймыз. Баруға дайынбыз ба? Оны білу үшін біз мына геометриялық пішіндерді алып үй құрастырайық. Ол үшін біз сендерге геометриялық пішіндер берілген. Ең үлкен тәртбұрышты қолдарыңа алып кәрсетіп қойыңдар. Келесі үшбұрышты тауып үйдің тәбесіне қоямыз.

Жақсы жарайсыңдар!

Енді бойымызды жазып бір сергітіп алайық.

Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста.

Оң қолыңды соз алға,

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада,

Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер

жасап тынбасын.

Ендеше мынадай ойын ойнайық

Ойын: Бұрыштарды ата

Мақсаты: Балаларға бұрыштарды бір-бірінен ажырата білілеріне үйрету.

Балалар тәрбиешіні тыңдап тобымызға қонақ келгенін естіп амандасады. Тәрбиешімен бірге әлең жолдарын қайталап айтады

Тәрбиешімен бірге математика әлеміне саяхатқа шығады. Геометриялық пішіндерді алып үй құрастырады

Осы арқылы кеңістікті бағдарлауда түсінік алады.

Қимыл қозғалыс арқылы сергіту сәтін жасайды.

Алдарына берілген геометриялық пішіндерді ала отырып қандай пішін екендігін айтады.
Кеңістікті бағдарлау туралы түсінік алдық. Пішіндерді құрастырып орналастыруды
үйрендік. Пішіндерді бір-бірінен ажыратуды білдік

Күтілетін нәтиже:

Білу: Кеңістікті бағдарлау туралы.

Меңгеру: Геометриялық пішіндерді ажыратуды

Дағдылану: Сұрақтарға дұрыс нақты жауап береуге

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №9

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Кеңістікті және уақытты бағдарлау».

Мақсаты: балаларды кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету.

Міндеттері: уақытты бағдарлау білігін қалыптастыру. «Жоғары, төмен, оңға, солға» түсініктерін бекіту. Есту арқылы есте сақтауын, ойлауын дамыту. Топта жұмыс жасауға, басқа балаларды тыңдай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: нәрестенің, 2 баланың, оқушы ұл мен қыз баланың, бойжеткен мен бозбаланың, әке мен шешенің, ата мен әженің суреттері, «Күн мен түн» ойынына арналған суреттер.

Билингвалды компонент: жоғары – вверх, төмен – вниз, оңға – вправо, солға – влево.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру сәті Шаттық шеңбері.

Амансың ба, Алтын Күн?

Амансың ба, Көк Аспан? Амансың
ба, достарым?

Сендерді кәрсем қуанам.

2. Негізгі бөлім

«Жаттығу» ойыны.

– Кәнеки, орындарыңнан тұрып, мен айтқан жаттығуларды жасаңдаршы. (Бұл жаттығулар «жоғары, төмен, оңға, солға...» сөздерінен тұрады). Кімде-кім қателессе, орнына отырады. Ойынның соңына дейін қалған бала жеңімпаз атанады.

Оң қолдарыңды жоғары көтеріңдер (түсіріңдер).

Сол көздеріңді жұмыңдар (ашыңдар).

Солға бұрылыңдар (керісінше) – яғни терезеге.

Оңға иіліңдер (қайта түзеліңдер) – яғни есікке.

Бір рет жоғары секіріңдер (тоқта).

Оңға қараңдар (тура қараңдар).

Отырыңдар (тұрыңдар) және т.с.с.

Ең соңында тәрбиеші жеңімпазды құттықтайды. Тәрбиеші тақтаға түрлі бағыттағы бағыттауыш сызықтар бейнеленген суреттерді іледі.

– Бұл бағыттауыш сызықтар нені білдіреді? (Бағыттарды – жоғары, төмен.)

– Демек, біз бүгін «жоғары, төмен, оңға, солға» түсініктері жәнінде айтатын боламыз. Ал бұл сөздерді орыс тілінде былай айтады: «жоғары – вверх, төмен – вниз, оңға – вправо, солға – влево».

1-тапсырма.

Балалар суреттерге мұқият қарап, балалардың қимыл-қозғалысы жайлы және қай бағытта қозғалып бара жатқандығын айтулары тиіс (мысалы, велосипедтегі бала оңға қарай бара жатыр, балалар баспалдақпен төмен түсіп бара жатыр және т.с.с.). Содан соң балалар кілемге жайғасады. Тәрбиеші тақтаға нәрестенің, екі баланың, оқушы ұл мен оқушы

қыздың, бойжеткен мен бозбаланың, әке мен шешенің, ата мен әженің суреттерін ретсіз іледі. Содан соң осы ілінген суреттерді рет-ретімен орнына қояды сұрайды, яғни қайсысы бұрын, қайсысы кейіннен болғандығы түсінікті болатындай етіп реттеп орналастыруды тапсырады. Суреттерді реттілікпен алу себебін түсіндіруді өтінеді.

2-тапсырма.

Балалар суреттерге қарап, алдымен не болғанын, содан соң не болғанын анықтаулары қажет.

Сергіту сәті

Еркін ұста дененді, Тарсылдатпай
еденді. Орнымыздан тұрып ап,
Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш,
Аяқты алға созайық, Тік
көтеріп, қозғайық. Тым
сылбыр да болмайық,
Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

«Күн мен түн» ойыны.

Бұл ойын балалардың зейіні мен есте сақтауын дамытуға бағытталады. Тақтаға бірнеше заттар тобы ілінеді. Тәрбиеші балаларға заттар тобына мұқият қарап шығып, олардың орналасуын есте сақтауды өтінеді. Содан соң балалардан «Түн» болып кездерін жұмуды өтінеді де, әзі заттардың орналасуы мен санын өзгертіп қояды. Балалар кәзін ашып, «Күн» пайда болған соң, орын алған қателіктерді анықтап, түзетулері тиіс. Мұны бірнеше рет қайталауға болады.

3-тапсырма.

Балалар тапсырмада берілген барлық суреттерге назар аударып, бірдей суреттерді сызықтармен қосып көрсетулері керек. Қай суреттің жұбы жоқ екенін анықтауы тиіс. Қыстырғыштағы тапсырма – сәбіздерге жылдам жету үшін қоянның қай жолмен жүруі керектігін табу. Келесі тапсырма. Берілген түстер мен геометриялық пішіндердің орналасу ретін сақтай отырып, бос қоршаудың ішіне суреттерді қайталап салу қажет.

3. Рефлексия

Балалар қай тапсырманы орындау қиын, ал қай тапсырманы орындау жеңіл болғандығы жөнінде сұрақтарға жауап береді. Егер барлық тапсырманы қиындықсыз орындай алса, көңілді смайликті, егер қиналған тұсы болса, көңілсіз смайликті таңдайды.

Күтілетін нәтиже

Біледі: «жоғары, төмен, оңға, солға» түсініктерін біледі.

Түсінеді: өзіне қатысты алғанда кеңістікте бағдарлау тәсілдерін түсінеді.

Қолданады: уақытты бағдарлау білігін қолданады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №10

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Мақсаты: Айналадағы заттардың орналасуын жоғары, төмен түсіндіру.

Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, кеңістікті қабылдауын дамыту, сөздік қорын дамыту.

Құралдар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзенбейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Барысы: Тақтаға бір баланы шақырып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төмендесу ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.

1.Ғажайып сәт "Доптар"

-Балалар менің себетімде не барына қараңдаршы(себеттен доптарды алып, балаларға таратып беремін)

2."Жоғарыда-төменде" ойыны

Балалар допты жоғары, содан кейін төмен лақтырады.

3.Жұмбақпен жұмыс.

Әр әрнегі мінемін,
Өрге қарсы жүремін.
Басқан сайын қадамды,
Ұстап келем білегім.

Жауабы: саты

Көрнекіліктен сатыны табуды ұсынамын.

4.Сұрақ-жауап әдісі:

-Сатының жоғарғы жағында кім тұр?

-Сатының төменгі жағында кім тұр?

-Қыз бала сатының жоғарғы жағында болу үшін не істеуі керек?

-Сонда ол қай жерде болады?

-Бала сатының төменгі жағында болу үшін не істеу керек?

-Сонда ол қай жерде болады?

5.Сөздік жұмыс.

Жоғарыда-вверху

Төменде-внизу

6.Сергіту сәті:.

"Жаттығу"

7."Ұшты-ұшты" ойыны

-Балалардан ұшатын-ұшпайтын заттардың атауды сұраймын. Мысалы: (ұшақ, доп, қасық, торғай)

Жұлдызшамен әр баланы мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Нені білуі керек: кеңістіктегі бағыттарды бір-бірінен ажырата білуді және атап көрсетуді;

Нені игереді: заттар жоғарыда, төменде орналасатынын;

Нені біледі: жоғарыда-төменде болатын заттарды салыстыруды біледі;

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі №11

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Оң жақ және сол жақ»

Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, әңгімелету, сергіту сәті, ойын.

Көрнекілігі: үлестірмелі құралдар, суреттер, ойыншықтар, қоржын.

Сөздік жұмыс: Сол жақта-оң жақта.

Билингвалды компонент: Оң жақта-справа, сол жақта-слева,

Шаттық шеңбер

Мынау менің жүрегім, Бәрі
осыдан басталған.

Мынау басым арқылы

Барлық істі атқарған

Мынау менің оң қолым Мынау
менің сол қолым Барлық істі
атқарған.

Балалар қуана, жарыса шаттық шеңберді орындайды

Ұйымдастыру-ізденістер -Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Олар қалай аталады?

-Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Балалар бір аптада неші күн бар? -

Балалар, бүгін аптаның қай күні?

Өте жақсы, жарайсыңдар!

Биік-высокий, аласа-низкий.

Бүгінгі тақырыбымыз

«Оң жақта- сол жақта»

Балалар оң жағымыз бен сол жағымызды көрсетейікші.

-Оң жағымызда не тұр?

-Есік.

-Ал сол жағымызда ше?

-Терезе

-Балалар бізге біреу есік қағып тұрған сияқты.

-Сәлем балалар!

Есіктен Тапқышбек кіреді, қолында конверт.

-Сәлеметсіз бе, сіз кім боласыз?

-Мен Тапқышбекпін!

-Сәлеметсіздер ме!

-Мен математика патшалығынан келдім. Мына конвертте тапсырмалар бар. Соған жауап бересіңдер, мен сендерге сыйлық беремін. Келістік пе?

Тапқышбек сіз біздің балалардың сабағын тыңдаңыз. (Тапқышбек, орындыққа отырады)

-Олай болса балалар,

Тапқышбектің тапсырмаларын шешейік Тәрбиеші тапсырманы орындатады.

1-тапсырма:

«Кілемшедегі пішіндер»

Ойын шарты: геометриялық пішіндерді балалар қандай пішін екенін айырып, орындарына орналастыру арқылы кілемше құрастыру.

2-тапсырма: «Оң және сол»

Ойынның мақсаты: үлкен және кіші заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. Балалар тұрып бойымызды сергітейік.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,

Мойнымызды бұрайық.

Қолымызды көтеріп, Алақанды
созайық.

3-тапсырма:

«Сәйкестіндіру» әдісі Ойын

шарты:

«Пішіндерді ұяшықтарға орналастыру»

Балаларға үлестірмелі карточкалар беріледі. Балалар осы карточканы ұяшықтарға орналастыру.

-Көктем мезгілі.

– Көктем

– Үш ай бар

– Наурыз, сәуір, мамыр

-Күн жылынып, қар еріп, адамдар қалың киімін шешіп, жұқа киіне бастайды.

-Жеті күн

Балалар мұқият тыңдап тапсырманы орындайды

Балалар ойынды қызыға ойнайды **Күтілетін**

нәтиже:

Нені білу керек: Оң жақ-сол жақ туралы ұғымдарды, мезгіл туралы ұғымдарды;

Нені игереді: үлкен және кіші заттарды ажыратуды; **Нені білді:**

Дайын пішіндерді дұрыс ұяшықтарға орналастыруды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі №12

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Тәулік бөліктері: таңертең, күндіз, кеш, түн».

Мақсаты: уақыт бөліктерін атауды үйрету: таңертең, күндіз, кеш, түн.

Міндеттері: уақытты бағдарлауды үйрету. Балалардың сөздік қорларын кеңейту және белсендіру. Тәулік бөліктерінің реті жәніндегі түсініктерін бекіту. Байқампаздығын, логикалық ойлауы мен зейінін дамыту. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығы мен ынтасын тәрбиелеу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: «Тәулік бөліктері» тақырыбына арналған суреттер. Қызғылт, ақ, көк және қара түсті дөңгелектер (бір балаға біреуден). Ойыншық – қонжық.

Билингвалды компонент: таңертең – утро, күндіз – день (днем), кеш – вечер, түн – ночь.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші балалармен бірге әлең жолдарын оқиды.

Аманбысың, алтын күн!

Аманбысың, жарқын күн! Маған

жылу, жарық бер, Қуаныш пен

шаттық бер.

2. Негізгі бөлім

Тәрбиеші балаларға қонжық ойыншығын көрсетеді.

– Бізге біреу асығып келеді. «Сәлеметсіңдер ме?» дейді. Бұл кім екен, таныдыңдар ма?

Балалар: – Иә, ол – Қонжық.

– Әрине, ол бізге қонаққа келді. Ол ойнағанды және оқу оқығанды жақсы кәреді. Қонжық бізден көмек сұрай келіпті. Ол қай кезде күн шығып, қай кезде ай пайда болатынын білмейді екен. Оған бәрі күлетін кәрінеді.

– Балалар, Қонжыққа көмектесейікші. (Балалардың жауаптары.) – Кәнеки, Қонжықпен бірге тақтадағы суреттерге қарайықшы.

Тәрбиеші:

– Таң атады, күн шығады, Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Таңертең. (Мен таңертең оянамын.) Тәрбиеші:

– Тауық шақырады, Күн тәбеге шығады,

Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Таңертең.

Тәрбиеші: – Бала қашан оянды? Оны тауығы қашан оятты?

Балалар: – Бала таңертең оянды.

Тәрбиеші: – Бала қай кезде жуынады?

Балалар: – Бала таңертең жуынады.

Тәрбиеші: – Балалар жаттығуды қай кезде жасайды?

Балалар: – Балалар жаттығуды таңертең жасайды.

Тәрбиеші: – Балалар, Қонжыққа таңғы жаттығуды қалай жасайтынымызды көрсетейікші.

Сергіту сәті Ал,
балалар, тұрамыз,
Айналаны шоламыз.
Жауқазындай жайқалып,
Бәйшешектей иіліп, Сәл
тынығып аламыз.
Біз гүлдерше әсеміз, Жапырағы
жайқалған.
Сабақтары салалы,
Желге ырғалып шайқалған.

Оқу қызметінің тақырыбына сәйкес суреттермен жұмыс.

Тәрбиеші: – Балалар, менің қолымдағы суретте таңертең қызғылт түспен бейнеленген, себебі таңда күн енді ғана оянады, шуақ шаша қоймайды, сондықтан осындай нәзік түске ие. Үстелдеріңнен қызғылт түсті дөңгелекті тауып, Қонжыққа көрсетіңдер.

Тәрбиеші: –Таң атты, күн шықты, ол балаларға күлімсірей қарады. Қараңдаршы, қандай әдемі күн, шуақ шашып тұр. Күндіз болды. Қай кезде күн шуақ шашады?

Балалар: – Күндіз.

Тәрбиеші: – Балалар алаңқайда ойнап жүр, күн шуағын шашуда. Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Күндіз.

Тәрбиеші: – Күн жарқырап тұр, барлығы серуен құруда. Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Күндіз.

Тәрбиеші: – Балалар, күндізгі уақыт менің үлестірмелі қағазымда ақ түспен бейнеленген.

Үстелдеріңнен ақ түсті дөңгелекті тауып, Қонжыққа көрсетіңдер. Жарайсыңдар, балалар!

Тәрбиеші: – Аспан қарая бастады, күн ұйқыға батты. Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Кешке.

Тәрбиеші: – Күн қай кезде батады?

Балалар: – Кешке.

Тәрбиеші: – Ұйқысыраған Қонжық кереуетіне жатты, сәлден соң ұйқыға кетеді. Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Кешке.

Тәрбиеші: –Күн ұясына батты, аспан қараңғылана түсті, құстар да ұйқыға кетті, бұл қай кезде болады?

Балалар: – Кешке.

Тәрбиеші: – Дұрыс айтасыңдар, балалар, үлестірмелі қағазда кеш көк түспен бейнеленген.

Үстелдеріңнен көк түсті дөңгелекті тауып, Қонжыққа көрсетіңдер. Жарайсыңдар! Ал енді күн қалай ұйықтайды екен, көрейікші.

Тәрбиеші: – Қараңдаршы, балалар, аспанға ай шығыпты, жұлдыздар жарқырауда. Бұл қай кезде болады?

Балалар: – Түнде.

Тәрбиеші: – Бала қай кезде ұйықтайды?

Балалар: – Түнде.

Тәрбиеші: – Қонжық қай кезде ұйықтайды?

Балалар: – Түнде.

Тәрбиеші: – Қарға мен тиін не істеп жатыр?

Балалар: – Ұйықтап жатыр.

Тәрбиеші: – Олар қай кезде ұйықтайды?

Балалар: – Олар түнде ұйықтайды.

Тәрбиеші: – Кірпі қай кезде ұйықтайды?

Балалар: – Кірпі түнде ұйықтайды.

Тәрбиеші: – Аспанда ай тұр, демек түн болды. Біз түнде не істейміз?

Балалар: – Біз түнде ұйықтаймыз.

Тәрбиеші: – Үлестірмелі қағазда түн қара түспен бейнеленген. Қонжыққа қара түсті дөңгелекті көрсетіндерші, балалар!

Тәрбиеші: – Жарайсыңдар! Біз таңертең, күн, кеш, түн туралы барлық суреттерді қарап шықтық. Балалар мен аңдар таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтінін естеріңе түсірдіңдер ме? Қонжық осының бәрін есте сақтады деп ойлаймын!

Балалар, тәуліктің барлық бөліктерін санап шығайықшы: таңертең – бір, күндіз – екі, кеш – үш, түн – төрт. Барлығы қанша тәуліктің бөлігі бар екен?

Балалар: – Төрт.

Тәрбиеші: – Жарайсыңдар, балалар!

Тәрбиеші жаңа сөздердің орысша аудармасын айтып өтеді: «таңертең – утро, күндіз – день(днем), кеш – вечер, түн – ночь. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма.

Балалар бірінші тапсырмаға берілген суреттерге мұқият назар аударып, тәуліктің қай бөлігі бейнеленгенін айтулары тиіс. Осы тәулік бөлігіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін атап, әр тәулік бөлігінде күннің қандай жағдайда болатынын анықтаулары керек.

Сергіту сәті

Ертемен ақ пейілмен:

«Қайырлы таң!» – деймін мен.

Күндіз де елді елеймін:

«Қайырлы күн!» – тілеймін.

Үйге кешке келемін, Не

дерімді білемін:

«Кеш жарық!» – деп кіремін.

2-тапсырма.

Балалар сол жақта тұрған затты оң жақта тұрған затпен өзара сәйкестікпен байланыстырып, өз шешімін түсіндіруі тиіс.

– Заттардың қандай ұқсастықтары, қандай айырмашылықтары бар?

– Балалар, жұмбақты шешіп көріңдерші: Бір-біріне қарай үйлер тіркесіп,

Қара тұлпар жүр әрі-бері кәшіп. (Пойыз.)

«Пойыз»

Біз вагонда отырмыз. (Тізелерін бүгіп отырады.) Біз отырмыз, біз отырмыз.

Терезеге қараймыз,

Шаттана қараймыз. (Бастарын оңға, солға бұрады.)

Паровоз жүрді, жүрді,

Чүк-чүк-чүк, чүк-чүк-чүк,

Балаларды әкетті,

Чүк-чүк-чүк, чүк-чүк-чүк! (Шынтақтарын бүгіп, қолдарымен дөңгелеп жасап, сермейді.)

3-тапсырма.

Балалар вагондардың ұзындықтарын ескере отырып, үлкен қуыршақтарды ұзын вагонға, ал кішкентайларды қысқа вагондарға орналастырулары (сызықтармен байланыстырулары) керек.

Саусақ жаттығуы

Бала, бала, балақай, Қол
соғайық, алақай! Бір,
екі, үш деп айтайық,
Саусақтарды тартайық.
Жалқау бала болмайық,
Қолды қысып, ойнайық.

Соңғы тапсырмада балалар жалаушаларды берілген түстерге сәйкес бояулары тиіс.
Қыстырғыштағы тапсырма – бірдей гүлді құмыраларды табу (1 және 3).

3. Рефлексия

Тәрбиеші қорытынды жасап, балаларға ынталандыру сөздерін айтады.

«Смайликтер» рефлексиясы. Егер балалар барлық тапсырманы оңай орындай алса, көңілді смайликті, егер қандай да бір қиындыққа тап болған болса, көңілсіз смайликті таңдайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өтілген ұғым-түсініктерді біледі.

Түсінеді: тәулік бөліктері жөнінде түсініктері қалыптасады.

Қолданады: тәулік бөліктерін анықтай алады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №13

Бiлiм беру саласы: Таным

Вариативтiк бөлiм: «Қызықты математика әлемiнде»

Тақырыбы: Пирамида

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер және пирамида туралы бiлiмдерiн одан әрi кеңейту. Үлкен-кiшi пирамидаларды салыстыру.

Алдын-ала жұмыс және оқу iс-әрекетiне дайындық: «Буратино мен Дымбiлместiң бастан кешкендерi» атты тақырыпқа байланысты әңгiме айтып беру

Мотивациялық қозғаушы

Балаларға «Буратино мен Дымбiлместiң бастан кешкендерi» атты тақырыпқа байланысты әңгiме айтып беру.

Кәңiлдi достар Буратино мен Дымбiлмес серуенге шықты. Олар табиғат аясында қыдырып жүрген кезде, ойын ойнамақ болады. Олар әздерiн қоршаған ортадан геометриялық пішіндердi iздей бастады. Оңға қарады, солға қарады, төмен және жоғары қарады, бiрақ, ештеңе таба алмады.

Ойлауға ұсыну:

-Балалар, бұл нелер?

-Қандай пішіндер?

Балалар тәрбиешiнi мұқият тыңдайды.

-геометриялық пішіндер

-үшбұрыш, тәртбұрыш, дөңгелек

ұйымдастырушылық-iзденушiлiк Сұрақтар:

-Мынау не?

-Ол қандай геометриялық пішінге ұқсайды?

-Нелiктен үшбұрышты үшбұрыш деп атаймыз?

-үшбұрыш қандай заттарға ұқсайды?

-Олардың кәлемi бiрдей бола ма, әлде әр-түрлi бола ма?

-Иә, дұрыс айтасыңдар!

Үйдiң шатыры үлкен, ал топтағы шкафтардың тәбесi кiшкентай үшбұрышқа жатады.

Тәрбиешi тақтаға тапсырмаларды жазады, балаларға сұрақ қояды. **Сергiту сәтi:** Бiз кiшкентай баламыз Әсiп-әнiп толамыз

Күнге қарап бой жазып

Кәкке қолды созамыз

Берiлген бөлiктерден тәрбиешiнiң белгiсi арқылы жоғарыдан төмен қарай, төменнен жағарыға қарай пирамида құрастыру.

рефлексивтiгүзетушi

Балаларға сұрақтар қойып, белсендi қатысқан балаларды мақтап, мадақтау.

-Қандай тапсырма орындадық?

-Қалай орындадық?

Балалар тәрбиешiнiң сұрақтарына жауап бередi.

-пирамида құрастырдық

-Жоғарыдан төмен қарай, төменнен жағарыға қарай

Күтiлетiн нәтиже:

Ұғынады: пирамида ұғымдарын

Түсiнедi: жоғарыдан төмен қарай, төменнен жағарыға қарай дегендi Қолданады:

Пирамида құрай алады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №14

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Заттарды салыстыру. Жуан. Жіңішке. Енді. Енсіз. Кең. Тар. Биіктіктері бірдей».

Мақсаты: заттарды ені бойынша салыстыруды үйрету. «Жуан, жіңішке, енді, енсіз, кең, тар» терминдерін қолдануды үйрету. «Биік, аласа», «биіктіктері бірдей» түсініктерін бекіту.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: ұзындықтары мен ендері әртүрлі баулар; «Үш аю» ертегісінің кәрнекілік материалдары; кәру жаттығуын жасауға арналған сәбіз макеттері.

Билингвалды компонент: жуан, енді, кең – широкий; жіңішке, енсіз, тар – узкий.

ҰОҚ-нің барысы **1. Ұйымдастыру кезеңі** Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге, Тез

тұрындар шеңберге.

Қандай жақсы бір тұру,

Достарменен бір жүру!

Қандай жақсы дос болу! **2.**

Негізгі бәлім Тәрбиеші:

– Бүгін біз бәріміз қонаққа барамыз, ал кімге екенін әздерің тауып кәріңдер (тақтаға үш аю бейнеленген сурет жапсырылған).

Балалар: – Аюларға қонаққа барамыз.

– Ал бұл аюлар қай ертегінің кейіпкерлері?

Балалар: «Үш аю» ертегісі.

– Қалай ойлайсыңдар, ертегілердің суреттерін кімдер салады? (Балалардың пікірлері тыңдалады.)

– Дұрыс айтасыңдар, суретшілер.

Сергіту сәті

Күнмен бірге тұрамыз, (Екі қолын жанына жаяды.)

Құспен бірге ән саламыз. (Ән салған қимыл жасайды.)

Қайырлы таң! Ашық күн! (Қолдарын жоғары кәтереді.)

Кәңілді біз тұрамыз. (Тік тұрады.)

Күлім қағып қолымды,

1, 2, 3 деп соғамыз. (Қолдарын шапалақтайды.) **1-тапсырма.**

Балалар тапсырмада берілген суреттерге мұқият қарап, суретшілердің қайсысы жуан қылқаламмен, қайсысы жіңішке қылқаламмен сурет салатындығын анықтауы керек. Қай суретші жуан жолақты, қайсысы жіңішке жолақты салғанын табуы тиіс. Тәрбиеші «сол жақта, оң жақта» ұғымдарын қолданады. Тәрбиеші балаларға түрлі ұзындықтағы және жуандықтағы баулар ұсынады.

– Баулар бірдей ме? Олардың айырмашылықтары неде?

– Біз енді заттарды ұзындықтары бойынша салыстыруды білеміз. Кәнеки, айтыңдаршы, жолақтардың ұзындықтары бірдей ме? Сары жолақ пен кәк жолақты салыстырыңдар. Қызғылт жолақ пен кәк жолақты салыстырыңдар. Қызғылт жолақ пен сары жолақты салыстырыңдар. Бұлар туралы не айта аласыңдар?

- Балалар, біз баулардың түстері және ұзындықтары бойынша ажыратылатынын білдік. Оларды тағы қалай ажыратуға болады, кім айтады?
- Баулар жуандығына қарай да ажыратылады. Кәнеки, жолақтың жуандығы қандай екенін анықтап көрейікші. (Көрсетеді.)
- Ал енді жуандығы бойынша жолақтарды қалай салыстыратынын қараңдар. (Көрсетеді.) Балалар тәрбиешінің көрсеткенін қайталайды. Қызғылт жолақ сары және көк жолақтарға қарағанда жуан (енді), сары жолақ көк жолаққа қарағанда жуан (енді), көк жолақ сары және қызғылт жолақтарға қарағанда жіңішке (енсіз), сары жолақ қызғылт жолаққа қарағанда жіңішке (енсіз), бірақ көк жолаққа қарағанда жуан (енді) екендігі анықталады. Содан соң осы сөздердің орыс тіліндегі аудармасын айтады: «жуан, енді, кең – широкий; жіңішке, енсіз, тар – узкий».

2-тапсырма.

Аюлар мен қояндар көрші екен. Қараңдаршы, олардың үйлерінің әлшемдері бірдей ме, биіктіктері бірдей ме?

- Үйшіктерге қандай жолдар алып барады?
- Қоршаулардың биіктіктері қандай?
- Шарбақтардың есіктері қандай: кең бе әлде тар ма?

Тәрбиеші: – Қоян мен аю жаздыгүні өзенге суға түскенді жақсы көреді.

Сергіту сәті

Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда,
Сейсенбіде серуен құрдық аулада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма
күні жидек тердік қыратта, Сенбі
күні кино көрдік клубта. Жексенбіде
үйде болдық, демалдық, Осылайша
өте шықты бір апта.

Тәрбиеші әр балаға түстері мен ендері бірдей әртүрлі екі жолақтан ұстатады.

- Бұл – аю мен қоянға арналған екі сүлгі. Сүлгілердің қандай айырмашылықтары бар? (Бірі енді, ал екіншісі – енсіз және түстері де әртүрлі).
- Аюға қандай сүлгіні береміз? (Ені үлкен сүлгіні.)
- Неге ені үлкен сүлгіні? (Өйткені Аю – үлкен, толық.) Балалар сүлгілерді сәйкестендіріп қоюға тырысады. Беттестірудің дұрыс жолы көрсетіледі.
- Сарғыш сүлгі енсіз, оны қоянға береміз.

Тәрбиеші заттарды ендері бойынша (өткен оқу қызметтерінде ұзындығын салыстырғандай) беттестіру арқылы салыстыруға болатындығы жөнінде қорытынды жасайды.

3-тапсырма

Тәрбиеші балаларға тапсырмада бейнеленген сүлгілерге назар аударуды ұсынады. Содан соң балалар енсіз сүлгілерді көк қарындашпен, ал ені үлкен сүлгілерді жасыл қарындашпен қоршап сызуы қажет.

3. Рефлексия

Тәрбиеші қорытынды жасап, балаларға ынталандыру сөздерін айтады. Қай тапсырманың қиын, ал қай тапсырманы орындау қызықты болғандығын нақтылайды.

«Смайликтер»рефлексиясы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «жуан, жіңішке, енді, еңсіз, кең, тар, биік, аласа», «биіктіктері бірдей» ұғымдарын біледі.

Түсінеді: ені, жуандығы мен биіктігі бойынша заттарды салыстыруды біледі.

Қолданады: ені, жуандығы мен биіктігі бойынша заттарды салыстыру тәсілдерін меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №15

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырыбы: «Тез ойла»

Мақсаты: «Тез ойла» заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. Кеңестікті бағдарлай білуге үйрету, шапшандыққа, тез ойлауға баулу. Топтағы заттармен. Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

Әдіс - тәсілі: Қуанышты сәт, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сергіту сәті, таңғаларлық сәт, қорыту.

Көрнекілігі: Бір жұмсақ ойыншық - аю, 4 - аю бейнеленген сурет - карточка, аюлардың әрқайсысына 4 - тен бал салынған бәшкелер, құрастырғыш, қарындаш, әртүрлі суреттер, жіп, доптар.

Сөздік жұмыс: Бірдей - тең, үлкен - кіші, көп - аз.

Билингвальді компонент: бірдей - поровну

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

1. Мотивациялық қозғаушылық:

2. Қане шеңбер құрайық

Дәңгелене тұрайық

Үлкендерді құрметтеп Сәлемдесіп алайық.

Қызығушылық ояту:

- Балалар жылдың неше мезгілі бар?

- Жылдың төрт мезгілі бар.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қазір кәктем мезгілі.

- Әр мезгіл неше айдан тұрады? - Әр мезгіл үш айдан тұрады.

- Қазір кәктемнің нешінші айы?

- Қазір кәктемнің екінші айы.

- Кәктемде қандай өзгерістер болады -?

2. Ұйымдастырушылық - ізденісті

Алдында - артында ұғымымен танысқан болатынбыз. Қане қайталайықшы. -

Мына суретте, нелер бейнеленген?

- Жемістер

- Неше жеміс, санайықшы.

- Үшеу - алма, алмұрт, өрік..

- Алмұрттың алдында не бейнеленген? - Алма.

- Ал, алмұрттың артында не бейнеленген? - Өрік.

Әртүрлі заттар тобын салыстыру және теңеу.

Таңғажайып сәт: «Аю»

- Балалар мен балабақшаға келе жатып, жолда мына аюды кездестірдім (ойыншық аюды көрсету). Қолында өзімен хат ала келіпті. Мен хатты оқып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар!

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Мен орманда құлпынай теріп жүріп, адасып қалдым. Сендер менің өз апанымды табуға көмектесесіңдер ме? Маған апанымды табуға көмектессеңдер, менің сендерге арнаған сыйым бар.

- Қалай, оған көмектесеміз бе? - Иә.

- Аюға көмектесу үшін біз таным еліне саяхатқа барамыз. Ол үшін біз бірнеше аялдамадан өтеміз.

Бірінші аялдама:

Дидактикалық ойын: «Жете ме?»

- Суреттегі қонжықтар көңілсіз сияқты.

- Балалар қараңдаршы, мына жерде неше қонжықты көріп тұрсыңдар?

- Санайықшы, төрт қонжық.

- Ал мына бәшкелерді санайық, нешеу екен?

- Бәшкелер үшеу.

Билингвальді компонент: Бірдей - поровну.

Сергіту сәті: «Аю»

Қорбаңдаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп - теріп аламыз Қалтамызға

саламыз.

Екінші аялдама: «Көңілді сандар» -

Балалар мына суретте не көріп тұрсыңдар?

-Неше күшік?

- Үш күшік.

- Ал мына суретте не көріп тұрсыңдар?

- Пілдер.

- Неше піл?

Үшінші аялдама: «Заттар тобын салыстыру» -

Қызыл қарындаш - ұзын, көк қарындаш - қысқа.

- Мына доптардың қайсысы көп?

- Сары доптар көп, жасыл доптар - аз.

- Мына жіптің қайсысы жуан, қайсысы жіңішке? - Ақ жіп - жуан, қара жіп - жіңішке.

Төртінші аялдама: «Кім жылдам?»

- Топтық жұмыс:

Бірінші қатар: сандарды құрастырады.

Екінші қатар:- геометриялық фигуралардан үй құрастыру.

Үшінші қатар:- Бірдей заттарды жапсыру.

- Өзін - өзі бағалау:

Аю:- Балалар, сендерге көп - көп рахмет! Бүгін сендер әр аялдамадан, сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер. Аю балаларға сыйлығын таратып, қоштасып шығып кетеді.

Күтілетін нәтижелер:

Жасайды: Заттарды бірінің үстіне бірін салу және жанастыру тәсілдері;

Түсінеді: Заттардың санын қалай дұрыс теңестіруге болатынын; **Қолданады:**

Дайын пішіндерді(жапсырмаларды) жапсыруды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі №16

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Заттарды салыстыру. Үлкен. Кішкентай».

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруды үйрету.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: үлкен және кішкентай ойыншық түрлері; түрлі өлшемдегі жеміс-жидек салынған себеттер; үлкен және кішкентай қораптар; түрлі өлшемдегі бірдей ойыншықтар (ұшақ, доп, робот және т.с.с.).

Билингвалды компонент: үлкен – большой, кішкентай – маленький. ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін бізге қонақтар келді. Қонақтарды қарсы алайық! Бақыт деген –

Осы шаттық шеңбері,

Қол ұстасып

Тұрайықшы, кел бері.

Бақыт деген – Кәрмей

қалса сағынып, Мені

іздейтін

Адал жүрек сендегі.

Бүгін сендер балабақшадан жаңа білім алып кетулерің үшін мұқият болуларың керек, бірбірлеріңді тындап, жауап берерде қолдарыңды кәтеріп, толық жауап берулерің керек.

2. Негізгі бөлім

Тәрбиеші: – Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа ағайынды қуыршақтар келіпті. Бірі үлкен және екіншісі – кішкентай. Олар әздерімен бірге не алып келді екен? Кәне, қарайықшы, қуыршақтардың себеттерінде не бар екен?

Тәрбиеші кезек-кезек себеттердегі заттарды алып шығады.

– Мынау не? (Алма.)

– Мынау не? (Алмұрт.)

– Мынау не? (Сәбіз.)

– Алмаларға қараңдаршы, балалар. Олардың айырмашылықтары неде? (Бірі кішкентай, енді бірі үлкен.)

– Дұрыс айтасыңдар, балалар. Заттар бір-бірінен әлшемі жағынан өзгешеленуі мүмкін.

Енді алмұрттарға назар аударайық: олардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар? (Бірі кішкентай, енді бірі үлкен.)

– Сәбіздерге қарайықшы. Олардың айырмашылықтары қандай? (Бірі үлкен, келесілері кішкентай.)

– Жарайсыңдар! Енді бәріміз бірге әте маңызды қорытынды жасайықшы: заттарды әлшемдері (үлкен және кішкентай) бойынша ажыратуға болады – Дұрыс айтасыңдар.

Тәрбиеші: – Балалар, сендердің әрқайсысыларыңның үстелдерінде суреттер бар (әр баланың тәрелкесінде қағаздан жасалған түрлі әлшемдегі жеміс-жидектер/кәгіздер бар).

– Мен суреттерді атаймын, ал сендер сол суретті кәрсетуге тиіссіндер.

– Үлкен сәбізді (кішкентай алманы, кішкентай сәбізді, үлкен алманы) кәрсетіндер.

– Жарайсыңдар, балалар, тапсырманы орындай алдыңдар!

Тәрбиеші: – Күзде жауын-шашын кәп түсетіндіктен, ағайынды қуыршақтар үнемі өздерімен бірге қолшатыр алып жүреді. Ағайындылардың үлкенінде – үлкен, кішкентай қуыршақта – кішкентай қолшатыр. Ал сендер «үлкен», «кішкентай» сөздерін орысша қалай айтатынын білгілерің келе ме? Ендеше айтып әтейін, «үлкен – большой», «кішкентай – маленький».

1-тапсырма.

Тәрбиеші бірінші тапсырмаға берілген суретке назар аударуды өтінеді. Балалар суреттерден үлкен қолшатыр (ат, ит) мен кішкентай қолшатырдың (кәбелек, торғай) астына нелер жасырынуы мүмкін екенін айтулары тиіс.

«Ойыншықтарды әлшемі бойынша орналастыр» ойыны.

– Ағайынды қуыршақтар ойнағанды жақсы көреді, олардың ойыншықтары өте көп. Бірақ бір қиындық туындап тұр. Бізге жетем дегенше олардың барлық ойыншықтары араласып кетіпті. Біз оларға көмектесе аламыз ба? Тәрбиеші қаптан түрлі әлшемдегі ойыншықтарды алып шығады. Ағайынды әр қуыршақтың жанына олардың әлшеміне сәйкес қорап қояды.

Балалар бір-бірден ойыншықтарды алып, сәйкес қорапқа салу керек.

Тапсырманы орындау кезінде тәрбиеші балаларға сұрақтар қойып отырады. Мысалы, мынадай жеке сұрақтар қоюға болады: «Сенің ойыншығыңның әлшемі қандай? Оны қай қорапқа саласың?» **2-тапсырма.**

Тәрбиеші екінші тапсырмада берілген балалардың ойыншықтарына назар салуды өтінеді (үлкен және кішкентай доп, үлкен және кішкентай ұшақ, үлкен және кішкентай робот).

Балалар ойыншықтарды ағайындыларға бөліп берулері керек. Ол үшін кішкентай ойыншықтар мен ағайындылардың кішісінің арасына және үлкен ойыншықтар мен ағайындылардың үлкені арасына бағыттаушы сызықтар сызады.

Сергіту сәті

Шынығамыз жастай біз, Жаттығуды
бастаймыз.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Бойымызға
жинап күш. Шынығамыз жастай
біз, Жаттығуды бастаймыз.

3-тапсырма.

– Біздің қонақтарымыз – ағайынды қуыршақтар үйлеріне қайтпақшы, бірақ олар кілттерін ауыстырып алыпты. Кәнеки, оларға көмектесейікші.

Тәрбиеші балалардан берілген тапсырманың суреттеріне назар аударып, әлшеміне қарай құлыптар мен кілттерді сәйкестендіріп, оларды сызықтар арқылы қосуды өтінеді.

«Бақалар» жаттығуы.

Жолдарыңа үңіліп,

Екі бақа жүгіріп,

Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды
аттап.

Олар ерте тұрады, Беті-
қолын жуады. Оңға-солға
шалқайып, Бақылдайды
ән салып. Судан шіркей

табады, Әсіп үлкен
болады. Бақ-бақ, нақ-нақ,
Біздер айттық тақпақ.

Содан соң балалар берілген түстер ретін сақтай отырып, шеңберлерді бояп шығуы тиіс.
Қыстырғыштағы тапсырма – лабиринттен әтіп, кәжектің сәбізге жетуіне көмектесу.

3. Рефлексия

Тәрбиеші қорытынды жасап, балаларға ынталандыру сөздерін айтады.

– Бүгін не үйрендік? Не істедіңдер? Немен айналыстыңдар? Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?
«Смайликтер» рефлексиясы. Егер балалар барлық тапсырманы оңай орындай алса, кәңілді
смайликті, егер қандай да бір қиындыққа тап болған болса, кәңілсіз смайликті таңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Таяқшалары арқылы геометриялық пішіндерді жасауға дағдыландыру.

Түсінеді: таяқшалармен орманды қалай жасау керектігін Қолданады:

таяқшаларды пайдалынып орманды жасау

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №17

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Заттарды түсі, пішіні және өлшемі бойынша салыстыру».

Мақсаты: балаларды заттардың пішіні мен өлшемін, санын ажырата білуге үйрету.

Міндеттері: заттардың өлшемі мен пішіні жайлы түсініктерін, заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау білігін қалыптастыру, заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Есте сақтауын, сөйлеуін дамыту. Оқу қызметінде белсенді болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: «Үш аю» ертегісіне байланысты суреттер; бірдей пішіндегі, бірақ түрлі өлшемдегі тәрелкелер; түрлі түсті бірдей ойыншықтар. Түрлі пішіндегі және өлшемдегі заттар салынған қап.

Билингвалды компонент: түсі – цвет, пішіні – форма, өлшемі – размер. ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар сәлемдесіп, тәрбиешінің жасаған іс-қимылдарын қайталайды. Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кең ашқан.

Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан! Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз! **2. Негізгі бөлім** Тәрбиеші:

– Қарандаршы, қай ертегінің кейіпкері бізден көмек сұрауда?

– Дұрыс айтасыңдар. Бұл – «Үш аю» ертегісінің кейіпкерлері.

Суреттер көрсетіледі.

Заттарды өлшемдері мен түстеріне қарай салыстыру.

– «Үш аю» ертегісінің суреттеріне назар аударайықшы.

Аюлар қандай белгілеріне қарай ажыратылады? (Бойы, салмағы, жасы.) – Ал аюлардың орындық/тәрелке/кереуеттерінің өлшемдері қандай еді, кімнің есінде?(Үлкен, кішкентай.)

Қарандаршы, мына заттар шашылып жатыр. (Кілемде түрлі өлшемдегі, бірақ бірдей пішінді тәрелкелер жатыр.)

– Тәрелкелердің формалары қандай? (Дөңгелек.)

– Олардың өлшемдері бірдей ме? (Жоқ, олар үлкен және кішкентай.) – Кәнеки, тәрелкелердің барлығын өлшемдеріне қарай жинайықшы.

– Тәрелкелер нешеу? Кәнеки, санайықшы!

Тәрбиеші жаңа сөздердің орысша аудармасын айтып өтеді: «түсі – цвет, пішіні – форма, өлшемі – размер».

1-тапсырма.

Балалар тапсырмада берілген суреттерге (сәбіз ұстаған қояндар, алма арқалаған кірпілер, жаңғағы бар тиіндер) мұқият қарап, ондағылардың қайсысының заты үлкен, қайсысының заты кішкентай екендерін көрсетулері керек.

Сергіту сәті Қолға

алып шарды,

Үрлеймін мен былай.

Уф-ф-ф,

Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах!

«Ойыншықтарды түстері бойынша бөл» ойыны.

Тәрбиеші: – Біздің ойыншықтармыз шашылып кетіпті (әр топта түрлі түсті бірдей ойыншықтар шашылған). Кәнеки, ойыншықтарымызды түстеріне қарай түрлі себеттерге бөліп жинайықшы. **2-тапсырма.**

Балалар берілген геометриялық пішіндерді себеттерге салу керек (сызықтар арқылы қосып көрсетеді). Олар барлық қызыл текшелерді бір себетке, сары шарларды екінші себетке «жинайды».

«Ойыншықтар» сергіту сәті

Бізде де бар қуыршақ, Бұзау,
қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Ақыл айтсақ, бұйырсақ.

3-тапсырма.

Балалар заттардың үш тобын мұқият қарап шығып, оларды пішініне, өлшеміне және түсіне қарай салыстырулары тиіс. Тәрбиеші балалардың толық жауап берін қадағалайды.

«Заттардың пішіні мен өлшемін сипап сезу арқылы анықта» ойыны.

Тәрбиеші: – Кәнеки, балалар, кілемге дөңгелек жасап жайғасындар, сендермен бірге жұмбақ шешетін боламыз. Кім бірінші шығады? Балалар кезекпен қолдарын қапқа салып, бір зат алып шығады. Оны қаптан алып шықпас бұрын оның не екенін табуы тиіс. Ол заттың пішіні қандай? өлшемі ше? Содан соң тәрбиеші балаларға берілген түске сәйкес кәмпіттерді бояп шығуды тапсырады.

Қыстырғыштағы тапсырма – бірдей пішіндерді табу. (1 және 4.)

3. Рефлексия

– Бүгін біз не істедік? Не ұнады? Қандай сұрақтарға жауап бердіңдер?

«Смайликтер» рефлексиясы. Егер барлық тапсырманы дұрыс, оңай орындай алса, балалар көңілді смайликті, егер қиындықпен орындаса, көңілсіз смайликті таңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттарды, олардың белгілерін: пішінін, түсін, өлшемін атайды.

Түсінеді: жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындауда алған білімдерін қолданудың жолдарын түсінеді.

Қолданады: алған білімдерін ойын барысында және күнделікті тұрмыста қолданады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектiсi №18

Білім беру саласы: Таным

Вариативтік бөлім: «Қызықты математика әлемінде»

Тақырып: «Заттардың ортақ белгілері».

Мақсаты: заттар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: заттарды топтарға (ұқсас белгілері бойынша) біріктіру және топтан өзгеше жекелеген заттарды бөліп алуды үйрету. Тәулік бөліктерін бағдарлау біліктерін бекіту. Көру арқылы қабылдауын дамыту, зейінін тәрбиелеу.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: сергіту сәтіне арналған қажетті көрнекіліктер, «таңертең, күндіз, кеш, түн» көрнекіліктері.

Билингвалды компонент: көгөністер – овощи, жануарлар – животные.

ҰОҚ-нің барысы **1. Ұйымдастыру сәті** Шаттық шеңбері.

Білер қазақ баласы,

Сәлем – сөздің анасы.

Көп танысты көреміз,

Бәріне де ізетпен

Біз сәлем береміз!

2. Негізгі бөлім

Тәрбиеші себетпен санауыш материалдарын: жемістер, көгөністер, тәттілер және т. б. алып келеді. Балаларға «Анамызға дастарқан дайындауға көмектесейік» ойынын ойнауды ұсынады.

– Анамызға себеттегі заттарды алып, топтастыруға көмектесейік. Бірге жасап көрейік.

Қандай нұсқалар ұсынасыңдар?

Балаларға жиынды топтарға: «көгөністер», «жемістер», «тәттілер», «қарбыздар» топтарына бөлуге көмектеседі.

– Бізде қанша жеміс бар екен? Біз оларды көп немесе бірнеше деп айта аламыз.

– Көгөністердің (тәттілердің) саны қанша?

– Қарбыз жөнінде не айта аламыз? Олар нешеу?

Сергіту сәті

Бір, екі, үш,

Жинап алдық күш.

Тәрт, бес, алты, Біз

жазамыз мықты.

Дәптерді енді ашайық,

Көрсетілген үлгіге,

Әдемі етіп жазайық.

1-тапсырма.

Балалар тапсырмада берілген заттар тобына мұқият қарап шығып, әр топты атап, олардан артық затты анықтауы қажет.

Суреттерде көгөністер мен жануарлар тобы берілгендіктен, осы сөздерді орыс тілінде қалай аталатынын айтып әтеді: «көгөністер – овощи, жануарлар – животные».

Тәрбиеші сергіту сәтін жүргізеді және сергіту сәтінің мәтініне сәйкес суреттерді және әр қимылды қанша рет жасау керектігін көрсетеді. (3 үшбұрыштан жасалған шырша, тәрелкеге салынған 5 сопақша бәліш, 4 тікбұрышты стақан, 1 дөңгелек құмыра, 2 шаршы пішіндес ту). **«Төртіншісі артық» ойыны.**

Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттар тобын көрсетеді. Әр топтағы заттардың ішіндегі біреуі артық. Ойынның мақсаты: төртінші артық затты табу және ол неге артық екенін түсіндіру білігін бекіту.

Мысалы:

2-тапсырма.

Әр қатардағы суреттерді бір сөзбен атау. Балаларға бұл топтарға тағы нелерді қосуға болатынын атау ұсынылады. Мысалы, бірінші топқа қуыршақты, көлікті және т.б. қосуға болады, ал екінші топқа – итті, қойды және т. б.; үшінші топқа – үстелді, кереуетті қосуға болады.

Сергіту сәті

Балық жүзді таза суда, Бір
керіліп, бір жиырылуда.

Жүзіп, жүзіп шаршағанда,

Тығылады тасты құмға.

«Дұрыс-бұрыс» ойыны.

Тәрбиеші ойын тәртібін түсіндіреді:

– Егер мен дұрыс айтсам, алақандарыңды шапалақтайсыңдар, егер бұрыс айтсам, шапалақтамайсыңдар.

Таңертең күн шығады. (+)

Таңертең жаттығу жасау керек. (+)

Таңертең адамдар кешкі ас ішеді. (–)

Таңертең жуынуға болмайды. (–) Күндіз

таңертеңнен кейін болады. (+) Күндіз

аспанда жарық ай тұрады. (–)

Күндіз адамдар түскі ас ішеді. (+)

Күндіз кәшелерде жарық жанып тұрады. (–)

Күндіз біткен соң таңертеңгі мезгіл келеді. (–)

Кешке қараңғы түседі. (+)

Кешке балалар балабақшаға барады. (–)

Түнде адамдар түскі ас ішеді. (–)

Түнде бәрі ұйықтайды. (+) –

Жарайсыңдар! Барлығы дұрыс!

3-тапсырма.

Балалар суреттерге қарап, қай суретте суретші таңертеңді, күндізді, кешті, түнді бейнелегенін анықтаулары тиіс. (Балалардың назарын күннің орналасуына аудару қажет.)

«Қарлығаш» ойыны.

Балалар кілемге тізерлеп жайғасады

Бір, екі, үш –

Қарлығаш боп ұш.

Төрт, бес, алты –

Қарлығаш боп қалқы. Жеті,

сегіз, тоғыз, он – Қарлығаш

боп қон.

Келесі тапсырма. Жалаушаларды берілген түспен бояп шығу.

Қыстырғыштағы тапсырма – екі бірдей кемені табу (3 және 4).

3. Рефлексия

Балалар қай тапсырманы орындау қиын, қай тапсырманы орындау жеңіл болғандығы жөнінде сұрақтарға жауап береді. Егер барлық тапсырманы қиындықсыз орындай алса, көңілді смайликті, егер қиналған тұсы болса, көңілсіз смайликті таңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық туралы түсініктері болады.

Түсінеді: ұқсас белгілері бойынша заттарды топқа біріктіруді түсінеді.

Қолданады: топтан жекелеген заттарды бөліп алады, тәулік бөліктерін анықтайды.